

АҚКК біліктілік комиссиясы

МАУСЫМ 2025ж.

ҚҰҚЫҚ (азаматтық құқық, банк ісі, сақтандыру және зейнетақы заңнамасы)

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда 4 тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- 4 тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға жауаптарға арналған орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары ұпайы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 15 ұпай	23 – 30 минут
2-тапсырма, 15 ұпай	22 – 30 минут
3-тапсырма, 10 ұпай	15 – 20 минут
4-тапсырма, 60 ұпай	<u>90 – 100 минут</u>

Уақыттың жиыны: 150 – 180 минут

Қарапайым қаржылық емес калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.
Сіз емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет.

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларды мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: kvalkom@psad.kz

1-ТАПСЫРМА (15 ұпай)

2022 жылы Қазақстан Республикасында жарғылық капиталы 20 млрд теңгені құрайтын «Инвест Банк» құрылған болатын. Банкті құрушылар шетелдік корпоративтік инвесторлар болды, ал қызметінің негізгі бағыты — корпоративтік несиелендіру және инвестициялық қаржыландыру. Банк Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің (ҚНРДА) лицензиясына ие болды, барлық қажетті құжаттарды, сонымен бірге капитал көздері заңдылығының растамасын ұсынды. Бірінші жыл бойы банк корпоративтік несиелер көлемін тез арттырып отырды, алайда тәуекелдерді басқарудың ішкі тетіктері мен ішкі бақылау жүйесі нашар дамыды. 2023 жылы аудит резервтерді қалыптастырудағы бұзушылықтарды, қаржылық есептіліктегі дәлсіздіктерді және деректердің бұрмалану белгілерін анықтады. Макроэкономикалық қиындықтар мен жылжымайтын мүлік нарығындағы тұрақсыздық аясында 2024 жылы кредиттік портфельдің сапасы күрт нашарлады - мерзімі өткен берешек деңгейі 30% - дан асты, салымшылар қаражатының кжылыстауы және өтімділіктің төмендеуі басталды. ҚНРДА (уәкілетті орган) жоспардан тыс тексеру жүргізді, дәрменсіздік қаупін анықтады, банкті төлем қабілетсіз деп жіктеді және консервациялау режимін енгізді: операциялардың бір бөлігін тоқтата тұру, уақытша әкімшілікті тағайындау және активтерді бағалау. Директорлар кеңесі бейінді емес активтерді сатуды және басқа банкпен ықтимал бірігуді қамтитын қайта құрылымдау бағдарламасын ұсынды, алайда реттеуші бұл шараларды жеткіліксіз деп таныды. 2025 жылдың басында банкті мәжбүрлеп тарату туралы шешім қабылданды. Қазақстандық депозиттерге кепілдік беру қоры белгіленген лимиттер шегінде салымшыларға төлемдерді төлей бастады.

Банктің бұрынғы басшылығына қатысты есептіліктің ықтимал бұрмалануын және тиімсіз басқаруды қоса алғанда, заңнаманың бұзылуына тексеру жүргізілуде.

1.1. Екінші деңгейдегі банктердің төменде тізімделген атауларының қайсысы ҚР заңнамасына сәйкес рұқсат етілген болып табылады:

- ☐ а) «Ұлттық Инвестициялық Банк» АҚ.
- ☐ б) «Орталық Ислам Банкі» АҚ.
- ☐ в) «Орталық Азиялық Банк» АҚ.
- ☐ г) «Даму Банкі» АҚ.

1.2. «Инвест Банк» АҚ-ның Қазақстан Республикасындағы филиалын ашу кезінде «Инвест Банк» АҚ Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкісінің жиынтық активтерінің сомасы төмендегі сомаларға баламалы сомадан төмен болмауы тиіс деген мәселені реттеу қажет болды:

- ☐ а) 10 млрд. АҚШ доллары.
- ☐ б) 20 млрд. АҚШ доллары.
- ☐ в) 30 млрд. АҚШ доллары.
- ☐ г) 10 млрд. АҚШ доллары.

1.3. Банктердің қауымдастықтары/одақтары қандай мақсаттарда қолданыла алмайды?

- ☐ а) Банк жүйесіндегі бәсекелестікті шектеу.
- ☐ б) бірлескен қызметті үйлестіру.
- ☐ в) мүдделерін таныту.
- ☐ г) мүдделерін қорғау.

1.4. ҚНРДА «Инвест Банк» АҚ жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде «Инвест Банк» АҚ-ның депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесіне қатыспағаны анықталған болатын. Қай банктер үшін депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесіне қатысу міндетті шарт БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ:

- ☐ а) екінші деңгейдегі банктердің барлығы үшін.
- ☐ б) бейрезидент-банктер үшін
- ☐ в) исламдық банктер үшін.
- ☐ г) Жиынтық активтері салымшылардың сомаларынан артық банктер үшін.

1.5. Тарау барысында «Инвест Банк» АҚ басшылығына көп ақпарат жариялап отыруға тура келді. «Инвест Банк» АҚ берген несиелер туралы мәліметтер банк құпиясына жата ма?

- ☐ а) Ия, жатады, себебі онда банктің клиенттері мен корреспонденттері туралы мәліметтер берілген.
- ☐ б) Ия, жатады, себебі онда клиенттердің несие алуы туралы ақпарат берілен.
- ☐ в) Ия, жатады, себебі осы шоттар мен банктің өзінің шоттарындағы ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы ақпарат берілген.
- ☐ г) Жоқ, жатпайды, себебі банк таралуда.

1.6. «Инвест Банк» АҚ-ның 2024 жылғы қаржылық есептілігіне жүргізілген міндетті аудит (аудиторлық есеп) нәтижелерін қарастыру кезінде аудиторлық есептің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен нақты деректерге сай еместігі анықталған болатын. Қаржылық есептілік бойынша аудиторлық есепті жарамсыз деп тану қандай мемлекеттік органның құзырлығына жатады?

- ☐ а) Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
- ☐ б) Қаржы мониторингі агенттігі.
- ☐ в) Прокуратура.
- ☐ г) Сот.

1.7. «Инвест Банк» АҚ-ның 2024 жылғы қызметіне жүргізілген аудит нәтижелерін және өз қорытындысын аудиторлық ұйым аудиторлық есепте көрсеткен, кейінгісін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кімге ұсынылды:

- ☐ а) «Инвест Банк» АҚ Директорлар кеңесіне.
- ☐ б) «Инвест Банк» АҚ Ішкі аудит қызметіне.
- ☐ в) Реттеу органы мен қаржы мониторингі органына.
- ☐ г) Мүдделі тұлғалардың барлығына, себебі аудит нәтижелері көпшілікке арналған.

1.8. «Инвест Банк» АҚ-ның қандай есептерін аудитордың растауынсыз жариялауға болады?

- ☐ а) Біріктірілген қаржылық есептілік.
- ☐ б) Пайда мен залалдар туралы жыл сайынғы есеп.
- ☐ в) Тоқсандық бухгалтерлік баланс.
- ☐ г) Ақшалай құралдардың қозғалысы туралы есеп.

1.9. «Инвест Банк» АҚ-ның қай басқару органы банкті қайта құрылымдау туралы шешім қабылдауы тиіс?

- ☐ а) Ішкі аудит қызметі.
- ☐ б) Басқарма.
- ☐ в) Директорлар кеңесі.
- ☐ г) акционерлердің Жалпы жиналысы.

1.10. Келесі көрсеткіштердің қайсысы уәкілетіті органмен банктердің сақтауы үшін белгілейтін акой пруденциалды нормативтердің құрамына КІРМЕЙДІ?

- ☐ а) Банктің меншікті капиталының ең аз мөлшері.
- ☐ б) Өтімділік коэффициенті.
- ☐ в) Қарыз алушының борыштық жүктемес коэффициенті.
- ☐ г) Бір қарыз алушыға қатысты тәуекелдің ең төмен мөлшері.

1.11. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру мәселесін қарастырып, «Инвест Банк» АҚ Директорлар кеңесі уәкілетті органға «Инвест Банк» АҚ ерікті түрде қайта ұйымдастыруға рұқсат алу туралы өтінішпен жүгінді. Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыруға уәкілетті органның рұқсатын алу туралы өтінішті қанағаттандырудан бас тартуға мынадай негіздердің қайсысы себеп болды?

- ☐ а) Миноритарлық акционерлердің қайта ұйымдастыру шарттарымен келіспеуі.
- ☐ б) банк акционерлерінің жалпы жиналысының қайта ұйымдастыру туралы шешімінің болмауы.
- ☐ в) Есептік кезеңнің қорытындысы бойынша пайданың уақытша төмендеуі.
- ☐ г) Қайта ұйымдастырудан кейін өңірлік филиалдардың бір бөлігінің жоспарланған жабылуы.

1.12. «Инвест Банк» АҚ қандай жағдайда уәкілетті органға ерікті тарату туралы өтінішімен жүгінуге құқылы?

- ☐ а) Барлық салымшылардың келісімін алғаннан кейін.
- ☐ б) Жылдық қаржылық есептілікті бекітуден кейін.
- ☐ в) жеке тұлғалардың депозиттерін толығымен қайтарып беруден кейін.
- ☐ г) хабарлама бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін.

1.13. Төменде аталғандардың қайсысы уәкілетті органның банктің өз еркімен тарауына рұқсат беруден бас тартуына негіздеме БОЛЫП ТАБЫЛМАЙДЫ?

- ☐ а) ұсынылған құжаттардың толық болмауы немесе тиісті түрде рәсімделмеуі.
- ☐ б) Банк қаражаттарының оның міндеттемелері бойынша есеп айырысу үшін жеткіліксіз болуы.
- ☐ в) Жеке тұлғалардың депозиттерін оларды тікелей төлеу немесе депозиттерді міндетті кепілдендіру жүйесінің қатысушысы болып табылатын басқа банкке немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент банкісінің филиалына аудару арқылы қайтарып беру шараларын қабылдамау.
- ☐ г) монополияға қарсы заңнаманы бұзу.

1.14. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, уәкілетті органның «Инвест Банк» АҚ-ға қатысты консервация режимін енгізуіне не негіздеме болды?

- ☐ а) Банктің міндеттемелерін орындауына әсер ететін техникалық ақауларға байланысты операцияларды уақытша тоқтата тұруы.
- ☐ б) бір есептік кезең бойы операциялық шығындардың орнын толтыруға резервтердің болмау фактісінің анықталуы.
- ☐ в) Банктің төлеуге қабілетсіз банк деп сыныпталуы және реттеу шаралары шеңберінде арнайы басқару режимін орнатудың қажеттігі.
- ☐ г) ағымдағы қаржылық тоқсанның қорытындысы бойынша капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің төмендеуі.

1.15. Банкті мәжбүрлеп таратуды сот неге байланысты жүргізеді:

- ☐ а) Банктің банкрот болуына байланысты.
- ☐ б) Банкті Қазақстан Республикасының банк заңнамасымен көзделген негіздемелер бойынша банктік операцияларды орындауға арналған лицензиядан айыруға байланысты.
- ☐ в) уәкілетті мемлекеттік органдардың, заңды немесе жеке тұлғалардың заңнамалық актілермен көзделген басқа негіздемелер бойынша банктің қызметін тоқтату туралы арызына (талап арызына) байланысты.
- ☐ г) Жоғарыда аталған жағдайлардың барлығына байланысты.

2-ТАПСЫРМА (15 ҰПАЙ)

«КазСтрахРезерв» ЖШС - қазақстандық компания (резидент) Қазақстан Республикасының аумағында міндетті және ерікті мүлктік сақтандыру, сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық шеңберіндегі тәуекелдерді қайта сақтандыру саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін «РеКазИншуранс» ЖШС еншілес қайта сақтандыру ұйымының құру туралы шешім қабылдады.

«РеКазИншуранс» ЖШС қызметін жүзеге асыру үшін лицензияландыру рәсімін өтті, актуарлық үлгіні құрды, есепке алу мен есептілікті жолға қойды, сенімді дереккор құрды, сондай-ақ ішкі аудитті қамтамасыз етті.

Екі жылдан кейін, нарықтық стратегияның өзгеруіне байланысты «КазСтрахРезерв» ЖШС өзінің «РеКазИншуранс» ЖШС еншілес компаниясын басқа сақтандыру қоғамымен біріктіру нысанында қайта ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыруда.

Дәл осы уақытта (қызметін жүзеге асырудың екінші жылында) «РеКазИншуранс» ЖШС табиғи катаклизммен байланысты ірі сақтандыру оқиғасына тап болды, ол бойынша бірнеше заңды тұлғаға айтарлықтай мөлшерде сақтандыру төлемдерін төлеу қажет.

2.1. «РеКазИншуранс» ЖШС Қазақстан Республикасында қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерін қабылдау қызметін жүзеге асыру үшін қандай шарттарды ұстанды?

- ☐ а) Қайта сақтандыруға арналған лицензияның болуы.
- ☐ б) «Жалпы сақтандыру» саласы бойынша лицензияның болуы.
- ☐ в) Қайта сақтандыру ұйымының жазбаша нысандағы растауы.
- ☐ г) Меншікті қайта сақтандыру компаниясының болуы.

2.2. «КазСтрахРезерв» ЖШС-ның қандай жағдайда сақтандыру тәуекелдерін қайта сақтандыру ұйымына-бейрезидентке аударуға құқы болмайды?

- ☐ а) Егер сақтандыру ұйымының қайта сақтандыруға арналған лицензиясы болмаса.
- ☐ б) Егер сақтандыру ұйымы-бейрезидент тыйым салынған ұйымдардың тізіліміне енгізілген болса.
- ☐ в) Егер шарт сақтандыру брокері арқылы жасалса.
- ☐ г) Егер қайта сақтандыру міндетті сақтандыру түрлері бойынша жүзеге асырылса.

2.3. «КазСтрахРезерв» ЖШС (сақтандыру ұйымы) немесе «РеКазИншуранс» ЖШС (қайта сақтандыру ұйымы) қандай жағдайда қайталама аудиті немесе басқа ақпараттың аудитін жүргізуге міндетті?

- ☐ а) сақтандыру ұйымының басшылығы ауысқан жағдайда.
- ☐ б) ұйым акционерлерінің талап етуі бойынша.
- ☐ в) Сот аудиторлық есепті және (немесе) өзге түрдегі ақпараттың аудиті бойынша аудиторлық қорытындыны жарамсыз деп таныған жағдайда.
- ☐ г) Алдыңғы аудиторлық қорытындының қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда.

2.4. Уәкілетті орган қандай жағдайда сақтандыру ұйымы-бейрезиденттің филиалының есептілігін түзетуді талап етуге құқылы?

- ☐ а) Салықтар бойынша берешек болған жағдайда.
- ☐ б) Міндетті актуарлық қорытынды болған жағдайда.
- ☐ в) Дұрыс емес немесе толық емес есептілікті тапсырған жағдайда.
- ☐ г) Есепке алу әдіснамасымен келіспеген жағдайда.

2.5. «КазСтрахРезерв» ЖШС ай сайын, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен залалдылықты сипаттайтын коэффициенттердің есеп-қисабы туралы есепті тапсырады. Сақтандыру ұйымының залалдылық коэффициенттердің есеп-қисабын орындауының негізгі мақсаты қандай?

- ☐ а) Салық органдарына есептілікті тапсыру.
- ☐ б) Активтерді басқарудың тиімділігіне баға беру.
- ☐ в) Сақтандырудың белгілі бір түрлерін жүргізу кезіндегі залалдылықты талдау.
- ☐ г) Біріктіру мен басқа компаниямен жұтылуға дайындалу.

2.6. Холдингілер жылдық қаржылық есептілікті қандай мерзімді жариялап отыруға міндетті?

- ☐ а) Қаржылық жыл аяқталғаннан кейін 60 күн ішінде.
- ☐ б) Бағалы қағаздар туралы заңнамамен белгіленген мерзімдерде.
- ☐ в) Уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісімен белгіленген мерзімдерде.
- ☐ г) Келесі жылдың бірінші тоқсанынан кешіктірмей.

2.7. «КазСтрахРезерв» ЖШС уәкілетті органның сұратуы бойынша ұсынуға міндетті болатын мәліметтер тізбесі нені қамтиды?

- ☐ а) Тек қана қаржылық есептілікті.
- ☐ б) Мүлік, тәуекелдер, кепілдіктер және заңды тұлғалардың капиталдарына қатысу туралы ақпаратты.
- ☐ в) Сақтандыру құпиясына қатысы жоқ мәліметтерді ғана.
- ☐ г) Клиенттердің саны мен сатылым көлемі туралы ақпаратты.

2.8. Аудиторлық ұйымның сақтандыру ұйымы бойынша аудиторлық есебі шынайы деп саналсу үшін оған қандай талап қойылады?

- ☐ а) халықаралық аккредитацияның болуы.
- ☐ б) кем дегенде екі аудитордың аудит жүргізуі.
- ☐ в) Тексерілетін (қайта сақтандыру) ұйымына, оның акционерлері мен басшы қызметкерлеріне тәуелсіздігі.
- ☐ г) актуарийді тарта отырып аудит жүргізу.

2.9. Келесі көрсетелітен қызметтердің қайсысы актуралық қызметке жатпайды?

- ☐ а) Сақтандыру тарифтерін есептеу мен экономикалық негіздеу әдіснамасын әзірлеу.
- ☐ б) Актуарлық есеп-қисап мәселелері бойынша консультациялық қызмет көрсету.
- ☐ в) Банктердің қаржылық тұрақтылығы мен төлеу қабілеттілігіне баға беру.
- ☐ г) Тәуекелдерді талдау және қаржылық тәуекелдерді басқару әдістерін әзірлеу.

2.10. «КазСтрахРезерв» ЖШС сақтандыру шарттары туралы ақпаратқа қатысты не жасауға міндетті?

- ☐ а) Сақтанушыға барлық сақтандыру шарттарының қағаз бетіндегі көшірмелерін беріп отыру.
- ☐ б) Сақтандыру шарттары бойынша ақпаратты тек қағаз бетінде сақтау.
- ☐ в) Сақтандыру шарттары бойынша ақпараттың электронды нысанда сақталуын қамтамасыз ету.
- ☐ г) шарттар туралы деректерді әр шарттың фотосуреті түрінде сақтау.

2.11. Төменде аталған тармақтардың қайсысы дерекқорды қалыптастыру мен жүргізудің негізгі функцияларының бірі болып табылады?

- ☐ а) Міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларын қалыптастыру.
- ☐ б) Тек жеке тұлғаларға арналған сақтандыру шарты бойынша дерекқорды жүргізу.
- ☐ в) Сақтандыру агенттерін мемлекеттік сертификаттау.
- ☐ г) Сақтандыру агенттерінің біліктілігін арттыру бағдарламаларын жүзеге асыру.

2.12. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын немесе сақтандыру холдингін ерікті қайта ұйымдастыруға рұқсат алу туралы қолдаухатын беруге не негіздеме болып табылады?

- ☐ а) Ұйымның атқарушы органының қайта ұйымдастыру туралы шешімі.
- ☐ б) Ұйым акционерлерінің жалпы жиналысының шешімі.
- ☐ в) Ұйымның барлық қызметкерлерінің келісім беруі.
- ☐ г) Ұйымның бизнес-жоспарын мақұлдау.

2.13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ерікті таратуға рұқсат беруден бас тартуға қандай негіздеме болуы мүмкін?

- ☐ а) Тарау нәтижесінде сақтанушылардың және өзге кредиторлардың заңды мүддесінің бұзылуы.
- ☐ б) Уәкілетті органның ұсынылған құжаттар бойынша ескертулерін белгіленген мерзімд жоймау.
- ☐ в) Ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сай болмауы.
- ☐ г) Сақтандыру немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің болуы.

2.14. Келесі жағдайлардың қайсысы сақтандыру төлемін жүзеге асырудың жалпы тәртібінен айрықша болып табылады:

- ☐ а) Сақтандыру төлемі әрдайым бір мезгілдегі төлеммен жүзеге асырылады.
- ☐ б) Аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі мерзімді төлемдер түрінде жүзеге асырылып отыруы мүмкін.
- ☐ в) Мүлікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемі әрдайым залалдың сомасымен белгіленеді.
- ☐ г) Жеке сақтандыру бойынша сақтандыру төлемі затта түрде жүргізілуі мүмкін.

2.15. Төменде келтірілгендердің қайсысы мүліктік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлемін залалды заттай түрдегі өтемақымен алмастырудың шарты болып табылады?

- ☐ а) Сақтандыру төлемі нақты залалдың мөлшерінен асуы тиіс.
- ☐ б) Заттай түрдегі төлемді алмастыру туралы шарты мүліктік сақтандыру шартымен көзделген болуы тиіс.
- ☐ в) Заттай түрдегі төлемдерді алмастыру өмірді сақтандыру шарттары бойынша ғана мүмкін болады.
- ☐ г) Заттай түрдегі төлемдерді алмастыру тек қана соттың шешімдері бойынша жүзеге асырылады.

3-ТАПСЫРМА (10 ҰПАЙ)

«Алма-Строй» ЖШС (жабдықтаушы) мен «Сапа-Строй» ЖШС (сатып алушы) арасында 500 000 000 теңге соманың құрылыс материалдарын жеткізу шарты жасалды, шарт бойынша төлем құрылыс материалдары жеткізілген күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде жүргізілуі тиіс болатын. «Сапа-Строй» ЖШС-ның осы шарт бойынша «Алма-Строй» ЖШС алдындағы қаржылық міндеттемелерін орындаудың кепілгері ретінде «Гарант-Строй» ЖШС шықты.

«Алма-Строй» ЖШС өнімдерді толық көлемде жеткізді, алайда «Сапа-Строй» ЖШС төлемді мерзімінде жүргізбеді.

Бір айдан кейін жабдықтаушы сатып алушыға негізгі борыштың сомасын және мерзімін кешіктірген әр күн үшін 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын талап етумен жазбаша наразылығын жолдады, алайда сатып алушы уақытша қаржылық қиындықтарды сылтауратумен тұрақсыздық айыбын төлеуден бас тартты.

3.1. Кредитор ортақ міндеттеме бойынша үш борышкердің біріне ішінара орындау талабын қойды. Бұл жағдайда төмендегі тұжырымдамалардың қайсысы **дұрыс емес**?

- ☐ а) Кредитор қалған соманы басқа борышкерлерден талап етуге құқылы.
- ☐ б) Міндеттемені орындаған борышкер қалғандарынан оларға қатысты үлесті талап ете алады.
- ☐ в) Борышкерді бірі міндеттемені ішінара орындағаннан кейін қалғандары міндеттемеден босатылады.
- ☐ г) Біріккен борышкерлер міндеттемелер толығымен орындалғанша міндетті болып қалады.

3.2. Төменде келтірілген жағдайлардың қайсысында міндеттеме орындаудың мүмкін болмау негіздемесі бойынша тоқтатыла АЛМАЙДЫ?

- ☐ а) Міндеттемені орындау борышкер өзіне жауап бермейтін дүлей апаттың салдарынан мүмкін болмай қалды.
- ☐ б) Міндеттемені кредитордың өзінің кінәлі әрекеттеріне орай орындау мүмкін емес.
- ☐ в) Міндеттеме борышкердің төлем қабілетінен айырылуына байланысты орындалмаған ақшалай қарызбен байланысты.
- ☐ г) Міндеттемені өздері үшін тараптардың ешқайсысы жауап бермейтін мән-жайларға байланысты орындау мүмкін болмай қалды.

3.3. Келесі тұжырымдардың қайсысы **дұрыс**:

- ☐ а) Міндеттемені қамтамасыз ету туралы келісімнің жарамсыздығы автоматты түрде негізгі міндеттемені де жарамсыз етеді.
- ☐ б) Қамтамасыз ету міндеттемесінің тоқтатылуы негізгі міндеттеменің тоқтатылуын тудырады.
- ☐ в) Негізгі міндеттеменің тоқтатылуы, егер заңнамамен өзгеше көзделмесе, қамтамасыз ету міндеттемесінің тоқтатылуын тудырады.
- ☐ г) Міндеттемені тек қана тұрақсыздық айыбы мен кепіл щатымен қамтамасыз етуге болады.

3.4. Тұрақсыздық айыбы дегеніміз не?

- ☐ а) Міндеттеме бұзылған жағдайда қайтарылатын кепілақы.
- ☐ б) Міндеттеме бұзылған жағдайда борышкер төлеуі тиіс болатын ақшалай сома.
- ☐ в) Міндеттеме сомасының пайызы.
- ☐ г) Міндеттеме орындалғанға дейін ұсталып отыратын депозит.

3.5. Кепілзаты не болып табылады?

- ☐ а) Міндеттеме орындалмаған жағдайда кепіл мүлкін алып қою арқылы міндеттемені тоқтату тәсілі.
- ☐ б) Кредитор борышкер міндеттемені орындамаған жағдайда кепілге берілген мүліктің құнынан қанағаттандыруды алуға құқылы болатын міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.

- ☐ в) Міндеттемені уақытында орындамаған немесе мүлде орындамаған жағдайда міндеттемені тоқтату үшін берілетін ақшалай сома.
- ☐ г) Өзінде үшінші тұлға борышкер кредиторының алдында борышкердің міндеттеменің толығымен немесе оның бір бөлігінің орындалуына жауап беруге міндетті болатын міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.

3.6. Кепілгерлік дегеніміз не?

- ☐ а) Өзіне байланысты кепілгер басқа тұлғаның (борышкердің) кредиторының алдында сол тұлғаның міндеттемесін толығымен немесе ішінара субсидиарлық түрде орындауға жауап беруге міндетті болатын міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.
- ☐ б) Борышкер кепілге қойылған мүліктің құнынан қанағаттануды алу міндеттемесін орындамаған жағдайда кредитордың құқығы бар міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.
- ☐ в) Міндеттемені уақытында орындамаған немесе мүлде орындамаған жағдайда міндеттемені тоқтату ретінде берілетін ақшалай сома.
- ☐ г) Өзіне байланысты үшінші тұлға кредитордың алдында борышкерді міндеттемелерді орындаудан босатуға міндеттенетін міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі.

3.7. Төменде аталған шарттардың қайсысы шарт жасалған деп саналу үшін міндетті түрде келісілген болуы тиіс:

- ☐ а) Орындау мерзімі туралы шарттар.
- ☐ б) Шарттың мәні туралы шарттар.
- ☐ в) Дауларды шешу тәртібі туралы шарттар.
- ☐ г) Міндеттемені орындау жері туралы шарттар.

3.8. Егер басқа мерзімі көрсетілмесе, шартты өзгерту немесе оны доғару туралы ұсыныс жасаған жағдайда екінші тараптың жауабын күту мерзімі қандай?

- ☐ а) күнтізбелік 10 күн
- ☐ б) күнтізбелік 30 күн.
- ☐ в) 15 күн.
- ☐ г) күнтізбелік 30 күн.

3.9. Тараптардың бірі келесі жағдайларда шартты орындаудан бас тартуға құқылы:

- ☐ а) Шартқа негізделген міндеттемені орындау мүмкін болмаған жағдайда.
- ☐ б) Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісімен басқаша белгіленбесе, екінші тарап белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған жағдайда;
- ☐ в) Шарт өзінің негізінде жасалған мемлекеттік органның актісі өзгеріп немесе күшін жойған жағдайда.
- ☐ г) аталған жағдайлардың барлығында.

3.10. Шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартуға келесі жағдайларда жол беріледі:

- ☐ а) Шарт мерзімін көрсетпей жасалған жағдайда.
- ☐ б) Шарт оның жасалу жерін көрсетпей жасалған жағдайда.
- ☐ в) Шарт оның бағасын көрсетпей жасалған жағдайда.
- ☐ г) аталған жағдайлардың барлығында.

4-ТАПСЫРМА (60 ұпай)

Төмендегі сұрақтардың әрқайсысы үшін **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделеді.

4.1. Мемлекеттік органдар мен мекемелердің қайсысы акционерлік қоғамның құрылтайшысы БОЛА АЛМАЙДЫ?

- ☐ а) Қазақстан Республикасының Үкіметі.
- ☐ б) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі.
- ☐ в) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі.
- ☐ г) Жергілікті атқарушы органдар.

4.2. Акционерлік қоғамның қандай басқару органы ірі мәмілелерді және қоғам өздерін жасасуға мүдделі болатын мәмілелерді жасасу туралы шешімді қабылдайды?

- ☐ а) Ішкі аудит қызметі.
- ☐ б) Басқарма.
- ☐ в) Директорлар кеңесі.
- ☐ г) Акционерлердің Жалпы жиналысы.

4.3. Қандай жағдайда ірі акционер аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды өзі тағайындай алады?

- ☐ а) Аудит Директорлар кеңесінің бастамасы бойынша жүргізіліп отырса.
- ☐ б) Аудит ірі акционердің талап етуі бойынша соның есебінен жүргізіліп отырса.
- ☐ в) Аудит соттың шешімі бойынша жүргізіліп отырса.
- ☐ г) Қоғам мәжбүрлі тарату процесінде болып отырса.

4.4. Акционерлік қоғам қаржылық есептілікті кімге тапсырып отыруы тиіс?

- ☐ а) Тек қана акционерлерге.
- ☐ б) тек қана мемлекеттік органдарға.
- ☐ в) Қоғам мен акционерлерге.
- ☐ г) Барлық мүдделі тараптарға.

4.5. Шағын кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын жауапкершілігі шектеулі серіктестігі үшін жарғылық капиталдың ең аз мөлшері:

- ☐ а) Құрылтайшылар белгілейді.
- ☐ б) Нөлдік деңгеймен белгіленеді.
- ☐ в) кем дегенде 100 АЕК.
- ☐ г)) кем дегенде 100 АЖ.

4.6. Келесі шешімдердің қайсысы жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қатысушылардың жалпы жиналысының айрықша құзырлығына ЖАТПАЙДЫ?

- ☐ а) Серіктестіктің жарғысын өзгерту, сонымен бірге жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту.
- ☐ б) жылдық қаржылық есептілікке аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды сайлау.
- ☐ в) Серіктестіктің бүкіл мүлкін кепілге салу туралы шешім.
- ☐ г) Серіктестікті сенімгерлік басқаруға беру туралы шешім қабылдау.

4.7. Келесі принциптердің қайсысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жер қойнауын пайдалану саласындағы қатынастарды құқықтық реттеу негіздеріне ЖАТПАЙДЫ?

- ☐ а) Жер қойнауларының мемлекеттік қорын ұтымды басқару.
- ☐ б) Жер қойнауын пайдалану кезінде экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
- ☐ в) Жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпараттың құпиялылығы.
- ☐ г) Жер қойнауын пайдаланудың төлемділігі.

4.8. Төмендегілердің қайсысы Жер қойнауын пайдалану саласындағы ақпаратқа ашық түрде қатынау ережесінен айрықша болып табылады:

- ☐ а) Операциялардың түрлерін ескерумен Жер қойнауын пайдалану құқығы туралы ақпарат.
- ☐ б) Құпия деп танылған геологиялық зерттеулер туралы ақпарат.
- ☐ в) Жер қойнауын пайдалану құқығын беру бойынша аукциондардың нәтижелері.
- ☐ г) мемлекеттік органдардың Жер қойнауын пайдалану құқығын беру туралы шешімдері туралы ақпарат.

4.9. Қазақстан Республикасының жер қойнаулары мен Жер қойнауын пайдалану туралы заңнамасының басты мақсаты неде?

- ☐ а) Жер қойнауын пайдалану саласындағы заңдылықты нығайту.
- ☐ б) Қазақстан Республикасының минералды-шикізаттық базасын арттыру.
- ☐ в) экономикалық тұрғыдан даму және қоғамның әл-ауқатын арттыру үшін минералды-шикізаттық базаның тұрақты дамуын қамтамасыз ету.
- ☐ г) Жер қойнауын геологиялық зерттеуге инвестицияларды тарту үшін жағдай тудыру.

4.10. Жер қойнауын пайдаланудың құқықтық сипаты қандай:

- ☐ а) Міндеттемелік құқық және меншік нормалары оған арнап қолданылмайды.
- ☐ б) Заттық құқық және меншік құқығы туралы нормалары әрдайым қолданылады.
- ☐ в) егер бұл заттық құқықтың табиғатына кереғар болмаса, өзіне қатысты меншік құқығы туралы нормалар қолданылатын заттық бөлінбейтін құқық.
- ☐ г) Заттық және міндеттемелік құқық элементтерін қамтитын аралас құқық, меншік нормалары құқықтарды үшінші тұлғаларға берген жағдайда ғана қолданылады.

4.11. Қайырымдылық ұйымдары, сондай-ақ ерікті қайырымдылыққа жүгінетін діни бірлестіктер:

- ☐ а) үшінші тұлғалардың өтініші бойынша немесе өз бастамасымен қаржы мониторингі субъектілері арқылы төлемдер мен ақша аударымдарын жүргізіп отыруға міндетті.
- ☐ б) Ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілген операциялар туралы қаржылық есептілікті және анықталған тәуекелдер туралы ақпаратты уәкілетті органға ұсынып отыруға міндетті.
- ☐ в) міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілген операциялар туралы, сондай-ақ құрылтайшылар (қатысушылар) туралы ақпаратты кемінде бес жыл сақтауға міндетті.
- ☐ г) Көрсетілгеннің барлығы.

4.12. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік қандай заңда көзделген:

- ☐ а) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде.
- ☐ б) Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде.
- ☐ в) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі мен Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінде.
- ☐ г) Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі мен Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексімен.

4.13. Қаржы мониторингі субъектілері келесі жағдайда клиенттерді (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тексереді:

- ☐ а) клиентпен іскерлік қатынастарды орнату кезінде.
- ☐ б) Ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды, сонымен бірге күдікті операцияларды жүзеге асыру кезінде.
- ☐ в) Бұрын алынған клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің дұрыстығына күмәндануға негіздеме болған жағдайда.
- ☐ г) Көрсетілгеннің барлығы.

4.14. Аудитор күдікті транзакцияны анықтаған жағдайда қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес бұл туралы кімге хабарлауы тиіс?

- ☐ а) Клиентке.
- ☐ б) Өз аудиторлық ұйымының басшысына.
- ☐ в) Құқық қорғау органдарына.
- ☐ г) прокуратура органдарына.

4.15. Уәкілетті органдарды күдікті операция туралы хабардар етудің мерзімі қандай?

- ☐ а) 1 жұмыс күні ішінде.
- ☐ б) дереу түрде.
- ☐ в) 3 жұмыс күні ішінде.
- ☐ г) бір апта ішінде.

4.16. Заңды тұлға және заңды тұлғаны құрусыз шетелдік құрылым қандай шара қабылдауға міндетті:

- ☐ а) Өз бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтердің шүбәсіздігін тексеріп отыруға.
- ☐ б) Өз бенефициарлық меншік иелері туралы мәліметтерді кем дегенде жылына бір рет немесе өзгерістер енгізілген жағдайда жаңартып отыруға, сондай-ақ мұндай мәліметтерді құжатқа тіркеп отыруға.
- ☐ в) Өз бенефициарлық меншік иелері туралы, сондай-ақ өз бенефициарлық меншік иелерін анықтау бойынша қабылдаған шаралары туралы ақпаратты алған сәттен бастап кем дегенде бес жыл сақтап отыруға.
- ☐ г) Көрсетілгеннің барлығы.

4.17. Уәкілетті орган ұйымды немесе жеке тұлғаны терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесінен шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей дереу түрде:

- ☐ а) мұндай шешімді өз интернет-ресурсында орналастырып және оны Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдары мен ұйымдарына жолдайды.
- ☐ б) Құқықтарын қалпына келтіреді.

- ☐ в) Салық органдарына хабарлайды.
- ☐ г) Ешнәрсе жасамайды.

4.18. Кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдеріне баға берудің мақсаты неде:

- ☐ а) Қазақстан Республикасында кірістерді заңдастыру (жылыстату) мен терроризмді қаржыландырудың қауіп-қатерлері мен мүмкіндіктерін анықтау, кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шараларының кемшілігін анықтау.
- ☐ б) Қазақстан Республикасында кірістерді заңдастыру (жылыстату) мен терроризмді қаржыландырудың қауіп-қатерлері мен мүмкіндіктерін анықтау, кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шараларының кемшілігін жою.
- ☐ в) Қазақстан Республикасында кірістерді заңдастыру (жылыстату) мен терроризмді қаржыландырудың қауіп-қатерлері мен мүмкіндіктерін болдырмау, кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл шараларын жетілдіру.
- ☐ г) Көрсетілгеннің барлығы.

4.19. Қаржы мониторингі субъектілеріне қандай жағдайда іскерлік қатынастарды қашықтан орнатып отыруға тыйым салынады:

- ☐ а) Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі террористік қызметке қатысы бар тұлғалардың тізіміне, сондай-ақ жаппай жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізіміне, және (немесе) терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізіміне енгізілген тұлға болып табылса.
- ☐ б) Клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі өздеріне қатысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына сәйкес халықаралық санкциялар қолданылатын тұлға немесе ұйым болып табылса.
- ☐ в) Клиент өзіне тиісінше тексерудің күшейтілген шараларын қолдануды қажет ететін тәуекел деңгейі тағайындалған тұлға болып табылса.
- ☐ г) Көрсетілгеннің барлығы.

4.20. Қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру Типологияларына, сұлбалары мен тәсілдеріне сәйкес сипаттамалары бар клиенттің операциялары туралы мәліметтер мен ақпаратты қаржы мониторингі субъектілері қандай мерзімде береді:

- ☐ а) операция танылған және мұндай тану нәтижелері тіркелген сәттен бастап бір сағат ішінде.
- ☐ б) операция танылған және мұндай тану нәтижелері тіркелген күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей.
- ☐ в) операция танылған және мұндай тану нәтижелері тіркелген сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде.
- ☐ г) операция танылған және мұндай тану нәтижелері тіркелген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде.

4.21. Келесі нысандардың қайсысы Қазақстан Республикасындағы заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны болып табылады?

- ☐ а) Отбасылық кәсіпорын.
- ☐ б) Жауапкершілігі шектеулі қоғам.
- ☐ в) Муниципалды кәсіпорын.
- ☐ г) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

- 4.22. Коммерциялық емес ұйым болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу рәсімін кім жүзеге асырады:
- ☐ а) Нотариус.
 - ☐ б) Коммерциялық емес ұйымдардың республикалық палатасы.
 - ☐ в) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (тіркеуші органдар).
 - ☐ г) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.
- 4.23. Коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу рәсімін кім жүзеге асырады:
- ☐ а) Нотариус.
 - ☐ б) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.
 - ☐ в) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (тіркеуші органдар).
 - ☐ г) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.
- 4.24. Төмендегі жағдайлардың қайсысында меншік иесінің мүлкін еркінен тыс иеліктен шығаруға жол беріледі?
- ☐ а) Мүлікті басқа тұлғаға сыйға беру.
 - ☐ б) Меншік иесінің меншік құқығынан бас тартуы.
 - ☐ в) мүліктің сот шешімімен тәркіленуі.
 - ☐ г) Мүліктің дүлей апаттың салдарынан жойылуы.
- 4.25. Төмендегілердің қайсысы мүліктік құқықтарға ЖАТПАЙДЫ?
- ☐ а) Ақшалай міндеттеме бойынша талап ету құқығы.
 - ☐ б) Қаржылық аспаптар.
 - ☐ в) Атауға ие болу құқығы.
 - ☐ г) Цифрлық активтер.
- 4.26. Төмендегі жағдайлардың қайсысы мүлікті еркінен тыс иеліктен шығару негіздемелеріне ЖАТПАЙДЫ?
- ☐ а) мемлекеттендіру.
 - ☐ б) Тәркілеу
 - ☐ в) Меншік иесінің міндеттемелері бойынша өндіріп алу.
 - ☐ г) Тараптардың келісімі бойыншат сыйға беру.
- 4.27. Қазақстан Республикасында алғашқы инстанциядағы соттардың қайсысы заңды тұлғалардың банкроттығы туралы істерді қарайды?
- ☐ а) Азаматтық істер бойынша аудандық сот.
 - ☐ б) Ауданаралық мамандандырылған әкімшілік соты.
 - ☐ в) Азаматтық істер бойынша аудандық арбитраждық сот.
 - ☐ г) Ауданаралық мамандандырылған экономикалық соты.
- 4.28. Борышкер үшін оны банкрот деп тану туралы өтінішпен сотқа жүгінуіне не негіздеме болып табылады:
- ☐ а) Заңды тұлғалар үшін 1000 АЕК-тан асатын берешек.
 - ☐ б) Кредиторлардың талаптарын мерзімді түрде қанағаттандырып отыру.
 - ☐ в) Активтердің кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болуы.
 - ☐ г) Тұрақты төлем қабілетсіздігі.

- 4.29. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өнеркәсіптік меншік объектісінің авторы деп кім танылады?
- ☐ а) Объектіні жасау кезінде техникалық көмек көрсеткен жеке тұлға.
 - ☐ б) объект өзінің шығармашылық еңбегімен жасалған жеке тұлға.
 - ☐ в) Объектінің жасалуын қаржыландырған заңды тұлға.
 - ☐ г) Объект өзінің иелігінде жүрген Жұмыс беруші.
- 4.30. Зияткерлік меншік объектілері қалай қорғалады:
- ☐ а) Тек қана мемлекеттік тіркелудің нәтижесінде.
 - ☐ б) Тек қана шарттың негізінде.
 - ☐ в) Құрылған сәттен бастап автоматты түрде.
 - ☐ г) тек қана сот актісінің негізінде.
- 4.31. Қазақстан Республикасында авторлық құқықтың қолданылу мерзімі қандай деп белгіленген?
- ☐ а) жарияланудан кейін 25 жыл.
 - ☐ б) туынды шыққаннан кейінгі 50 жыл.
 - ☐ в) автордың өмір сүрген уақыты бойы және ол қайтыс болғаннан кейін 70 жыл.
 - ☐ г) Автордың қызметі тоқтатылғанға дейін.
- 4.32. Төмендегі актілердің қайсысы заңнан туындаған нормативтік құқықтық актілерге жатады?
- ☐ а) Үкіметтің Қаулысы.
 - ☐ б) Қазақстан Республикасының заңы.
 - ☐ в) Кодекс.
 - ☐ г) Конституциялық заң.
- 4.33. Егер Қазақстан Республикасының заңында басқа мерзім көрсетілмесе, ол қай сәттен бастап күшіне енеді?
- ☐ а) оған Президент қол қойған сәттен бастап.
 - ☐ б) жарияланған сәттен бастап.
 - ☐ в) Парламент қабылдаған сәттен бастап.
 - ☐ г) алғашқы ресми жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 10 күн өткеннен кейін.
- 4.34. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші қандай аймақтарға тарады?
- ☐ а) заңды тұлға тіркелген аймаққа.
 - ☐ б) Тек қана астана аймағына.
 - ☐ в) Қазақстан Республикасының барлық аймағына.
 - ☐ г) акт қабылданған әкімшілік округ шегінде ғана.
- 4.35. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің қолданылуы қандай тұлғалар тобына тарайды?
- ☐ а) Қазақстан Республикасының азаматтары.
 - ☐ б) Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары.
 - ☐ в) Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары.
 - ☐ г) Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды тұлғалары, сондай-ақ оның аумағында жүрген шетелдіктер және азаматтығы жоқ тұлғалар, шетел мемлекеттерінің заңды тұлғалары, олардың филиалдары мен өкілдіктері.

4.36. Аталған субъектілердің қайсысы Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер енгізуді бастамалауға құқылы?

- ☐ а) Қазақстан Республикасының Бас прокуроры.
- ☐ б) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы.
- ☐ в) Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі.
- ☐ г) Президент, Парламент депутаттары мен Үкімет.

4.37. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы заңнамалық актінің жобасына не қоса беріледі:

- ☐ а) Жұмыс тобының құрамы.
- ☐ б) Статистикалық деректер.
- ☐ в) Салыстырмалы кесте.
- ☐ г) Қоғамдық кеңестердің ұсыныстары.

4.38. Қандай халықаралық келісімшарттар Қазақстан Республикасының заңдары алдында басымдыққа ие?

- ☐ а) Қазақстан Республикасы жасасқан халықаралық келісімшарттардың барлығы.
- ☐ б) Сыртқы істер министрлігінде тіркеуден өткендері ғана.
- ☐ в) Ратификацияланған халықаралық келісімшарттар.
- ☐ г) Орталық мемлекеттік органдардың атынан жасалған шарттар.

4.39. Қазақстан Республикасының халықаралық келісімшарттарын орындауға жалпы қадағалау мен бақылауды кім жүзеге асырады?

- ☐ а) Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі.
- ☐ б) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі.
- ☐ в) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы.
- ☐ г) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті.

4.40. Сақтандыру қызметінің субъектілері:

- ☐ а) Сақтандыру брокері.
- ☐ б) Сақтандыру агенті.
- ☐ в) Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдары.
- ☐ г) Сақтандыру (қайта сақтандыру) пулы.

4.41. Сақтандыру омбудсменінің қызметі қалай қаржыландырылады?

- ☐ а) Мемлекеттік бюджеттің есебінен.
- ☐ б) Сақтандыру ұйымдарының жарналары есебінен.
- ☐ в) Ұлттық Банк қаражатының есебінен.
- ☐ г) Сот алымдары есебінен.

4.42. Уәкілетті орган сақтандыру нарығының қатысушыларына қандай санкциялар қолдануға құқылы:

- ☐ а) Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру.
- ☐ б) Лицензиядан айыру.
- ☐ в) Сақтандыру қоржынын өзгеге мәжбүрлі түрде беру туралы шешім қабылдау.
- ☐ г) Көрсетілгендердің барлығы.

4.43. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін сенімгерлік басқаруды кім жүзеге асырады:

- ☐ а) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі.
- ☐ б) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.
- ☐ в) Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.
- ☐ г) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі.

4.44. БЖЗҚ комиссиялық сыйақысының шамасы:

- ☐ а) айына зейнетақы активтерінің 0,005%-ы.
- ☐ б) айына зейнетақы активтерінің 0,005%-ы, алайда 1%-ынан артық емес.
- ☐ в) айына зейнетақы активтерінің 0,008%-ы.
- ☐ г) айына зейнетақы активтерінің 1%-ы.

4.45. Ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры қызметін қандай құжатқа негізделе отырып жүргізеді:

- ☐ а) Қаржы ресурстарын шоғырландыруға арналған лицензия.
- ☐ б) Инвестициялық қоржынды ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен басқаруға арналған лицензия.
- ☐ в) Жеке және заңды тұлғалаға қызмет көрсетуге арналған лицензия.
- ☐ г) Әлеуметтік қамтумен байланысты қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия.

4.46. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) қандай ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады?

- ☐ а) Мемлекеттік мекеме.
- ☐ б) Акционерлік қоғам.
- ☐ в) Жауапкершілігі шектеулі серіктестік.
- ☐ г) Жоғарыда аталған кез келген нысанда.

4.47. БЖЗҚ-ның жыл сайынғы аудиты бойынша шығындар ненің есебінен жүзеге асырылады:

- ☐ а) Жергілікті бюджет.
- ☐ б) Республикалық бюджет.
- ☐ в) Салымшылар.
- ☐ г) БЖЗҚ меншікті қаражаты.

4.48. Инвестициялық қоржынды ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен басқаруға арналған лицензиядан айырған жағдайда ерікті жинақтаушы зейнетақы қоры:

- ☐ а) Салымшылардың салымдарын береді.
- ☐ б) Сақтандыру төлемдерін жүргізеді.
- ☐ в) Салымшылардың (алушылардың) ерікті зейнетақы жинақтауларын БЖЗҚ-ға аударады.
- ☐ г) Көрсетілгендердің барлығы.

4.49. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі ненің есебінен беріледі:

- ☐ а) БЖЗҚ есебінен.
- ☐ б) ЕЖЗҚ есебінен.
- ☐ в) БЖЗҚ мен ЕЖЗҚ есебінен.
- ☐ г) бюджеттік қаражат есебінен.

4.50. Қазақстан Республикасында еркектер қанша жасқа келген кезде зейнетақы төлемдерін ала алады?

- ☐ а) 58 жас.
- ☐ б) 60 жас.
- ☐ в) 63 жас.
- ☐ г) 65 жас.

ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

[illegible]

This image shows a full page of blank, lined paper. It features approximately 30 horizontal black lines spaced evenly across the page, typical of standard notebook paper. The lines are thin and extend from the left edge to the right edge. There are no margins, text, or other markings on the page.

шимай жазбаларға/есептеулерге арналған бет

This image shows a single sheet of white paper with horizontal ruling lines. The lines are evenly spaced and run across the width of the page. There are no margins, text, or other markings on the paper.

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ

БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ